

А.С.Әділова, Ф.Бейсен

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: adilova2010@mail.ru)*

Годонимдер — халық өмірінің тарихи, мәдени және ақпараттық коды

Мақалада қазақ ономастикасының маңызды және елеулі бір саласы — топонимдердің табиғи және жасанды түрлері қарастырылып, жасанды атаулар көбіне идеологиялық максаттарға қызмет ететіні көрсетілді. Қала ономастикалық кеңістігінің бір түрі — годонимдер халық өмірінің тарихи, мәдени және ақпараттық коды ретінде сипатталды. Годонимдер заман талабына, қоғамның талап-тілектері, сұраныс-сұранымдарына сай өзгеріп, құбылып, түрленіп отырады, сондықтан мақала авторлары Қарағанды қаласының годонимдері де реконструкциялауды қажет етеді деп қорытады.

Кілт сөздер: ономастикалық бірлік, онимдердің ментальдік-танымдық сипаты, әлеуметтік-тарихи код, годонимдер, мемориалды годонимдер.

Тілдік бірліктердің үлкен шоғыры — жалқы есімдерді зерттеумен айналысатын дербес ғылым саласы ономастиканың жалпы ғылым көкжиегінде иеленетін орны сүбелі, себебі тілдік бірліктердің арасында жалпы есімдер немесе аппелятивтерге қарағанда саны біршама көп онимдер тек лингвистика саласының ғана нысаны емес, пәлсапа, әлеуметтану, тарих, жағрапия секілді ғылымдар үшін де айрықша маңызға ие. Аталған лексемаларды зерттеп-зерделеу бірталай ғылымдар үшін ортақ іс болып табылады. Бұл турасында, ертеде айтылса да, өз маңызын әлі де жоймағандықтан, белгілі лингвист Б.В.Горнунгтың төмендегідей пікірін келтіре кеткен артық емес: «В целом все собственные имена являются частью словарного состава языка и предметом лексикологии как лингвистической дисциплины. Как же можно отрицать исключительное и безраздельное право лингвистов изучать топонимы? Как можно от словарного состава языка отсечь какую-то часть и говорить: лингвистика может изучать одни части лексики и не должна изучать других ее частей... Право лингвистов на изучение топонимов как одной из категорий языка не снимает специфики развития топонимов, их смены, специфики географического распространения типов и т.д. Все это настолько зависит от внеязыковых факторов, что заставляет топонимиста быть не только лингвистом. Вместе с тем это дает право и историку, и географу, и этнографу заниматься топонимикой, но только при условии полного владения лингвистическими методами» [1].

Жалқы есімдердің қызметін формальді түрде идентификациялау не индивидуализациялау және дифференциациялау деп ажырататын болсақ, онимдердің ғалам не универсумды танытудағы танымдық немесе гносеологиялық қызметі мәселесінің иірімі әлдеқайда кең және ономастикалық бірліктердің ментальді-когнитивтік сипаттарын айқындау қазақ тіл білімінің күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады деп айтуға болады.

Өткенді зерделеу, тарихи, ұлттық ескерткіштер мен жәдігерлерді, ғасырлар тоғысында тірнектеп жиылған тарихи және мәдени мұраларды көздің қарашығындай сақтау және тарихта есімдері алтын әріптермен қашалған қайраткерлердің есімдерін халық жадында қайта жаңғыртып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыру және ұмыт қалдырмау бүгінгі күн, бүгінгі ұрпақ үшін ең маңызды басымдықтардың бірі болып табылатыны сөзсіз. «Сөз де сырсандық тәрізді. Сәгі түсіп, кілті табылғандай болса, көп нәрсені баян етіп, халықтың өткендегі ой-қиялы, тыныс-тіршілігі, дүниетанымы туралы сыр шертіп тұрады», — деп ғалым Н.Уәли айтқандай, лингвистика пласттарының бірі ономастиканы бірден-бір таным құралы, ал онимдерді тарихи, мәдени, әлеуметтік ақпараттарды өз бойына жинақтаған кодтар деп атаудың толық негізі бар. Ресейлік ономаст, белгілі лингвист В.А.Никонов бұл турасында: «Первый закон антропонимики, как и всей ономастики, — историзм», — деген екен [2; 7]. Бұл өз кезегінде жалқы есімдердің тарихилық аспектісін тағы бір мәрте айғақтай түседі.

Жалқы есімдердің сипаты мен құрылымына географиялық, идеологиялық, тарихи, дүниетанымдық, әлеуметтік, мәдени, экстралингвистикалық факторлар әсер етеді. Тілдік нәтижелер — жалқы есімдерде көрініс тапқан экстралингвистикалық факторлардың бірі — билингвизм, немесе қостілділік. Жалпы Қазақстан Республикасы, соның ішінде Қарағанды қаласы полимәдениетті аймақ болып табылатындықтан, номендердің тұлғасы мен семантикасына тарихи жағдайлар мен

глобализацияның жемісі болып табылатын билингвизм және көптілділік құбылыстары әсер ететіні ақиқат.

«Информация каждого имени «добывается» с помощью лингвистических средств», — дейді белгілі тілтанушы А.В.Суперанская. Сол себепті онимдер ең алдымен лингвистикалық ілімнің нысаны деп айтып өткен жөн [3].

Жалпы XX ғасырдың 30-жылдарында ғылыми мәртебе иеленген, ал XX ғасырдың 50–60-жылдарында қазақ тіл білімінде кеңінен зерттеле бастаған ономастика көп қырлы, көп қабатты сала. Атаулар адам өмірінің барлық аяларын қамтиды және олардың саны апеллативтерге қарағанда басым түседі. Онимдер екі негізгі топ — антропонимдер және топонимдер деп жіктелсе, ал олардың өз ішінде жік-жікке тарамдалу үдерісі байқалады. Мысалы, егер тау, таулы алқаптардың аттары — оронимдер не елді мекендер атауларын қарастырумен айналысатын ойконимия саласында біршама зерттеу еңбектері бар болса, XX ғасырдың соңғы ширегінде әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерге орай, коммерциялық ұйымдардың көбеюі нәтижесінде ономастикалық кеңістікке жиі, белсенді түрде кіріге бастағанына байланысты микротопонимия құрылымдары эргонимия және урбанонимия секілді онимдік категориялар зерттеле бастаса да, өз ішінде жіктелу тән ономастикалық кеңістік құраушылары әлі де болса келелі еңбектерге, тың жаңалықтарға зәру. Урбанонимнің бір түрі болып табылатын, қала ішілік желілік (линейные) нысандар — даңғыл, көше, бульвар, т.с.с. атаулары годонимдер, қоғамдық тамақтану мекемелерінің аттары менсонимдер не орден, медаль және түрлі төсбелгілер атаулары біріктірілетін фалероним терминіне қатысты ақпарат қатары мардымсыз, сондықтан жан-жақты зерттеуді қажет етеді деуге болады.

Негізінде, «қазақ топонимиясы — географиялық жалқы атаулардың жай ғана жиынтығы емес, ол ментальдік факторларды көрсететін ономастикалық деңгейдің лексикалық бірліктерінің жүйесі. Мәселен, көшпелі қазақ пен малшы табиғатқа және географиялық ортаға өзінің шаруашылық қажеттілігіне қарай қалыптасады, сондықтан да топонимдерде тек табиғат пен географиялық орта ғана емес, осы табиғат пен оның объектілерінің **қабылдануы** бейнеленеді» [4; 20] деп көрсеткен қазақстандық ғалымның пікірінше, қазақ ономастикалық кеңістігінің концептілік жүйесінде **«кеңістік»** концептісі ерекше мәнге ие, яғни ол (кеңістік) адам өмір сүретін негізгі орта әрі адам санасында өмір сүріп, бейнелетін ментальді бірлік, сондықтан онда диахронды, синхронды тұрғыда сан алуан өзгерістер болып жататыны сөзсіз. Қазақ халқының көркемдік ойлау жүйесіндегі мифтік кезең тарихи ойлау жүйесімен алмасқандықтан, шаруашылық пен қоныстану түрі өзгергендіктен, кеңістік басқа формаға ие болады, яғни Е.Керімбаев айтқандай, ұзақ уақыт бойына «табиғи түрде қалыптасқан Қазақстанның тарихи топонимикалық жүйесі жаңа дәуірде «жасанды» атаулар әсерін бастан кешіруде, ал мұның салдары теріс жағдайларға жиі әкеліп соқтырады» [5].

Қазақ халқы да урбанизация үдерістерін бастан кешіріп жатқандықтан, көптеген топонимдер жасанды болды. Бұл жағдайда халықтың тұрмыс-тіршілігі, болмыс-бітімі, дүниені қабылдауы, құндылықтары мен географиялық ортаның түрлі белгілері ескерілуі қиын еді. Мәселен, Қазақстан картасында бертінге дейін көрсетіліп тұрған *Ермак* топонимі, картаға енген жүздеген *Петровка*, *Миньковка*, *Сочи* сияқты елді мекендердің атаулары осындай жасандылықтың көрінісі.

Қала кеңістігі шектеулі болғандықтан, ондағы нысандар бір бағытта, белгілі бір желі бағдарында салынатыны белгілі. Бұл ретте ономастиканың динамикалы әрі нәзік яруссы урбанонимдерді белгілі бір дәуір символы болып табылады деп айтуға болады.

В.А.Никонов: «Личные имена существуют только в обществе и для общества, оно и диктует неугодно им, каким бы индивидуальным он ни казался. Личные имена социальны все и всегда», — дей отырып [2; 7], тіл білімінде «жалқы есім — әлеуметтік таңба» деген постулат ұсынған, яғни онимдік қабаттардың біршамасы, әсіресе мақаламыздың өзегі болып отырған годонимдер (гр. *hodos* — «көше» және *опута* — «есім», «ат») — қалаішілік желілік объектілер: көше, даңғыл, гүлзар атаулары қоғамның талап-тілектері, сұраныс-сұранымдарына сай өзгеріп, құбылып, түрленіп отырады.

Қазақ ономастикасының, Қазақстан ономастикалық кеңістігінің практикалық тұрғыда әлі жетілдіруді қажет ететін, сын көтермейтін тұстары аз емес. 1990 жылы құрылған, Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясы және соған қарасты жергілікті органдардың еңбек-әрекеттерінің нәтижесі бұл саладағы біршама алға басу, ілгерілеулерден көрінеді, алайда қазақ ономастикасындағы өзгерістерді бір ыңғайға келтіру, белгілі бір талаптарға сәйкестендіру әлі де болсын тың реформаларды қажет етеді. Осы орайда Қарағанды топонимикалық аймағының годонимдері біраз ой-тұжырым жасауға, пікірге негіз бола алады.

XX ғасырдың 30-жылдарында Ресейдің отаршылдық саясаты қазақтың апайтөс сахарасында құлашын кеңінен сермеп, тамырын тереңге жайған тұста қала статусын иеленіп, масштабты индустриялық аймақ болуға бет бұрған Қарағанды қаласының годонимдерін кеңестік дәуірдің символы, россияцентристік идеологиялық көзқарас кодталған таңбалар деп әбден айтуға болады. Осы ретте белгілі топонимист Э.М.Мурзаевтың кеңес дәуіріндегі Орта Азия республикалары топонимдерінің жасалу жолдары туралы: «Следует сразу же отметить, что идеологической и политической информативностью обладают в большей или меньшей степени все без исключения колониальные топонимы» [6], — деген орынды пайымы ойға оралады.

Кеңестік дәуір топонимдерін жасауда негізгі тұрғындар (қазақтар) өздері өскен ата-жұртында жанадан ұйымдастырылып жатқан елді мекендерге ат, атау беруден сырт қалды. Атаулардың басты тобын колониалды топонимдер құрады, ал ана тілінде қойылған атаулардың өзі белгілі бір идеологиялық мақсаттан асып кете алмады.

Қарағанды қаласының ономастикалық (топонимиялық) кеңістігінің құрамдас бөлігі болып табылатын годонимдерге назар аударып, зер салып, аталмыш номинациялардың символикалық, семантикалық, лексикалық, стилистикалық қырларына талдау жасайтын болсақ, субъективизм жемісі, «үйретінді» менталитет құралы болып табылатын коммунистік рухтағы атауларға тап болатынымыз жасырын емес. Еліміз егемендік алып, мемлекетіміз өз алдына жеке отау құрып тәуелсіздік алып отырған заманда жалғыз Қарағанды емес, бүкіл мемлекетіміздің ономастикалық ландшафты егемендікке лайық ұлттық бейнеге ену жолында біршама қадам ілгері басуы керек, әлі де болса.

Кеңес өкіметі заманында көшелерді алып державадағы үкімет басшылары мен большевиктер партиясы көсемдерінің есімдерімен атау, яғни мемориалды атаулар, белең алған. Сол себепті Қарағандының лингвомәдени кеңістігінен орын алған годонимдердің дені қызыл көсемдердің атымен аталды. Трансантропонимизация үдерісі арқылы жасалған бұндай номинациялар годонимдік кеңістіктің 30 пайызын құрайды. Және осы көрсеткіштің едәуір бөлігін жоғарыда аталған идеология жаршыларының есімдеріне телінген атаулар иеленіп отыр. Қаламыздың түкпір-түкпіріндегі бұндай атаулар төмендегідей: Алалыкин, Белинский, Вавилов, Гапеев, Карбышев, Костенко, Кривогуз, Лебедев, Мичурин, Нахимов, Суворов, Чкалов көшелері, т.т. Қала тұрғындарының бір-біріне болмаса, бұл тұлғалар жайында қандай да бір ақпары бар деп ойлауға бола қоймас. Тек жіті назар салып, ой елегінен өткізіп, энциклопедия не үйреншікті «көмекшімізге» айналған Wikipedia-ға жүгіну арқылы ғана көше атауының мотивациясына көз жеткізе аламыз. Белинский, Достоевский, Менделеев, Вавилов, Мичурин сынды әлемдік ғылымға үлес қосқан тұлғалар есімдерінің қаламыздың ономастикалық кеңістігінен орын тепкені үлкен наразылық тудыра қоймас, алайда Гапеев, Костенко және қала тарихына ешбір қатынасы жоқ Лебедев, Карбышев, Кривогуз, Чкалов сынды атаулардың не керегі бар деген заңды сауал туындайды осы тұста. Ал Кривогуз көшесінің атауында тіпті тұлғаның инициалдары көрсетілмеген. Бұл көше қазақ даласында советтік билікті орнатушылардың бірі, большевик Феодосий Кривогуздың есімімен аталса керек. Теміртау қаласында да осы секілді факт тіркелген. Тұрғындар көшелерінің аты Екінші дүниежүзілік соғыстың Лебедев текті 20 жауынгерінің қайсысының құрметіне қойылғанын білмейді екен. Қарағандыда да Лебедев көшесі бар. Ол ЕДС жауынгері, ұшқыш Семен Лебедевтің атымен аталады. Герман Алалыкиннің Қарағанды қаласындағы алғашқы дәрігер болғандығынан, Александр Гапеев Қарағанды көмір кендерінің шекараларын анықтап берген геолог, О.Карбышев әскери инженер, профессор, әскери ғылымдар докторы болғанынан, ал Костенконың біраз жылдар бойы Қарағанды көмір тресінде басшылық қызмет атқарғанынан қала тұрғындарының көпшілігі бейхабар. Халықтық атауларға үңілер болсақ, қазіргі Әлімхан Ермеков атындағы көше бұрын кеңестік билікті орнатушы, революционер Феликс Дзержинскийдің атында болған, Бұқар жырау даңғылы Совет, оған дейін Сталин даңғылы деп аталса керек, ал С.Ерубаев атындағы көше бұрын С.М.Кировтың құрметіне қойылса, қазіргі кездегі Аманжолов көшесі Силовтың атын иеленген екен. Тіпті С.Ерубаев көшесінің бір бөлігі кезінде Корчагиннің атында болған екен. Ал Корчагин — орыс жазушысы Н.Островскийдің «Как закалялась сталь» романының кейіпкері. Осы ретте жат жұрттық шығарма кейіпкерінің атымен көшені атау ақылға қоныссыз факт екендігін атап өткіміз келеді.

Қаламыздың онимдік кеңістігі ресей көсемдері, революционер-бүлікшілері есімдерінен толық арылмаса да, халқымызға елеулі, елімізге белгілі бір шоғыр жақсылар аттарының годонимдерге атау болып телінгендері, көшенің елдімізге лайық атауды иеленгені көңіл қуантады. Ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздік ұсымызға тиіп, халқымыздың тарихи жады қайта оралып, өскелең ұрпақта өткен

күнге, тарихқа бұрылып қаратпайтын нигилистік көзқарастың тууына жол берілмеді және ұлттық сана мен мемлекеттік сәйкестіктің біртіндеп қалыптасу үдерісі орын тапқан жай бар. Бұл үрдіс годонимдерде де көрініс тапқан.

Қала картасында тоталитарлық атаулардың әлі де болса мызғымай тұруы елдігімізге сын. Көшелерді қазақ халқынан шыққан қоғам қайраткерлерінің есімдерімен атау тәуелсіздік жылдарының еншісіне тиді. Кеңес үкіметі кезеңіндегі бұндай атауларға 1938 жылы салынғаннан бастап атын өзгеріссіз сақтап келген Ж.Жабаев, 1964 жылы Дошкольнаядан Сәрсеков көшесіне ауысқан және 1967 жылы Сәтбаев есімі берілгені секілді бірен-саран годонимдерді атап өтуге болады. Қазіргі таңда қаланың лингвистикалық ландшафты Бұқар жырау, Әлиханов, Аманжолов, Әуезов, Байжанов, Доскей, Жәнібеков, Иманжанов, Бөкетов, Бокин, Мұқанов, Мұстафин, Сейфуллин секілді халықтық рухтағы мемориалды годонимдермен толыққан.

Қала ономастиканың тілдік тұлғалары ең алдымен өлке тарихынан сыр шертуі керек. Бұл принцип годонимдерге тән. Арқа даласы халқы үшін басын бәйгеге тіккен және қалтқысыз адал еңбек еткен тұлғаларға қашанда кенде болмаған. Алайда әлі күнге дейін қаншама асыл азаматтарымыз ескерусіз қалып келеді. Көшеге мемориалды атау бергенде тұлғаның қайтыс болғанына 10 жылдан кем уақыт өтпеу керек деген шартты, тәртіпті ескере отырып, жоғарыда аталған Кривогуз көшесі не басқа толып жатқан «қызыл террор елестері» Ж.Бектұров, Б.Бұлқышев сияқты айтулы тұлғалардың есімдеріне ауыстырылса деген ұсыныс айтқымыз келеді.

Қала годонимдерінің ішінде қайта атауды қажет ететіндері — апелляциялардың жалқы есімге трансформациялануы, яғни онимизацияның нәтижесінде пайда болған онимдік бірліктер болып табылады. Олар кеңестік ойлау стереотипімен ассоциацияланатын, дәуір символдары болып табылатын колониалдық сипаттағы 2-пятилетка, Партсъезд, Артельная, Коммунистическая, Коммунальная, Пионерская, Октябрьская, Зональная, Социалистическая секілді номинациялар. Бұл атаулар тарихымыздың белгілі бір кезеңіне тән болғанмен, қала өмірінде соншалықты маңызға ие болған оқиға, құбылыстың таңбасы емес деуге толық негіз бар.

Тілдің даму процесіне әсер ететін елеулі факторлардың бірі — тілдераралық коммуникация. Ешбір тілмен байланыссыз, томаға тұйық өмір сүретін тіл болмайды. Тілден тыс экономикалық, әлеуметтік, саяси т.б. экстралингвистикалық факторлар тілден көрініс табады. Мәдениетаралық интеграция, басқа да жаһандық үдерістер, соның ішінде өткен ғасырда халқымыздың мойнына ілінген бодандық қамыты еліміздің ономастикалық кеңістігіне әсер етті. Ондай номинациялардан біз әлі күнге дейін арыла алмай келеміз. Түрлі тарихи жағдай-себептерге байланысты, тілдердің интеграциясы мен интерференциясы үдерістерінің нәтижесінде Ресейдің, соның ішінде Мәскеу қаласының ономастикалық ландшафтында да этимологиясы мен семантикасы бойынша тюркизмдер болып табылатын годонимдер бар. Оған Э.М.Мурзаев өзінің «Очерки топонимики» еңбегінде келесідей мәліметтер келтіреді: «В Москве общеизвестны тюркизмы среди названий улиц, но их немного. Обычно вспоминают Балчуг и Арбат. Действительно, происхождение этих имен не вызывает споров. Балчуг — «грязь, болото». Арбат производят от арабского рабад. Это арабское слово было занесено в Москву восточными гостями, видимо через татарское посредничество» [7; 166]. Дәл осы годоним туралы қазақ қаламгері С.Сматаев «Қош бол, Мәскеу!» деген өлеңінде былай дейді:

*Қош бол, Мәскеу!
... Өзіңде өткен от жастығым,
Арбатым!
Көк түріктің иеленген арба-атын.
Ал бүгінде сол түріктің әулетін
Жатсынасың,
Тіреп әкеп жарға тым.*

Байқап отырсақ, көше атауының этимологиясы туралы пікір екі түрлі.

Қалаішілік желілік объектілерді номинациялау үдерісінде атаулар негізін трансонимизацияланған онимдер, яғни меморативтер құрайды. Мәскеу қаласының түркілік меморатив-годонимдері жөнінде Э.М.Мурзаев: «Названия некоторых московских улиц берут начало от тюркских антропонимов. Среди них Черкизовские улицы и проезды, происхождение которых связывают с именем С.Черкизова, принадлежавшего татарскому царевичу Серкизу. К этой же категории относятся названия улиц: Наримановская, Мангулинская, Молдагуловой, Мансуровский пер.», — деп жазады [7; 167]. Демек, тілдік бірліктердің жиынтығы болып табылатын ономастикалық

жүйе халықтың тарихымен астасып, қоғамда болып жатқан өзгеріс, реформаларға сәйкес құбылып, өзгеріп отырады және аталмыш процестерден ешбір тіл шет қала алмайды.

Әрине, әлемде урбанистік үдерістердің ерекше қарқынмен дамып отырғанына байланысты жекелеген мегаполистердің дүниежүзілік деңгейде белгілі болып отырғаны, олардың кейбіреуіндегі көшелердің экономика, мәдениет, өнер, сәнге ықпалы жағынан тек сол қалада ғана емес, жаһандық дәрежеде өзіндік орны бар екені қалың жұртшылыққа белгілі. Мысалы, осы орайда масс-медиа арқылы атақты көшелердің түрлі ТОП ондығы жасалып жүргенін, оған мына годонимдердің кіргенін атап өтуге болады: Ломбард көшесі (Сан-Франциско), Abbey Road (Лондон), Голливудтың Даңқ аллеясы (Лос-Анджелес), La Rambla (Барселона), Orchard Road — Бақтар жолы (Сингапур), Khao San (Бангкок), Wall Street (Нью-Йорк), Via Dolorosa (лат. Қасірет жолы, Иерусалим), The Strip (Лас-Вегас), Champs-Élysées (Париж). Бұлардан басқа Унтер ден Линден (Берлин), Оксфорд Стрит (Лондон), Бродвей (Нью-Йорк), Гранд-канал (Canal Grande) (Венеция), Злата улочка (Zlata Ulicka) (Прага), Арбат (Москва) сияқты годонимдер де көпке белгілі.

Осы қатардағы Abbey Road — өнерсүйер қауымға артоним ретінде кеңінен таныс, өйткені осы көшенің оңтүстік-шығысындағы музыкалық студияда атақты «Битлз» өз шығармаларының 90 пайызын жазған және олардың 1969 жылғы ең соңғы күйтабағына (пластинкасы) осы годоним атау болған. Ал қаламыздағы жоғарыда көрсетілген годонимдерде тек идеологиялық ақпарат қана бар әрі оның маңызы соншалықты жоғары, құнды емес.

Еліміздегі тарихи, әлеуметтік, саяси, идеологиялық, мәдени өзгерістерге байланысты годонимдердің ұлттық меморативтер ретінде бекітіліп, қаланың ономастикалық кеңістігіне енуі олардың тұрғындар тарапынан бірден қабылданып кетуіне себеп бола алмады. Қалалық тұрғындар, мекеме басшылары әлі де ескі стереотиптерден аса алмағандықтан, адамдар арасындағы күнделікті тұрмыстық коммуникацияда, қоғамдық коммуникация құралы — көліктерде годонимдердің бұрынғы және жаңа нұсқалары жарыса қолданылып жатады.

Халықты танып-білудің бірден-бір құралы — тіл және оның құралдары. Оларды халықтың ментальді дүниетанымының репрезентациялары деп атауға болады. Сондай тілдік құралдарға онимдер де жатады. «Тарихи-мәдени ақпарат қалыптандырылған (кодталған) жалқы есімдер мәдениетаралық коммуникацияға жиі қосылады, өйткені біртекті емес тіл мен мәдениет, көбіне қазақ және орыс тілдерінің мәдениеттері байланысқа түседі. Аялық білімдерге (кодтық ақпаратқа) ие емес жалқы есімдегі өзге мәдени қабылдаушы өзге ұлттық жалқы есімде қалыптандырылған, кодталған, өзіне жат мәдениеттің құндылық тәжірибесін ұғынып, меңгере алмайды, осыдан келіп «мәдени үрей» пайда болады, одан шығу қажет», — деп жазады Б.Тілеубердиев [4; 55]. Тілді танымдық құрал ретінде пайдаланушы адам көше атауларынан екі түрлі идеология, екі түрлі эпоха көріністерін қабылдап, оның танымдық процесіне бөгет жасалып, жоғарыда аталғандай, «мәдени үрей» пайда болады, яғни бұл орайда қаламыздың лингвомәдени кеңістігі стандарттау мен нормалауды қажет етеді.

Ғалым Э.М.Мурзаев өзінің «Очерки топонимики» деген еңбегінде тіл білімінің ономастика саласы кез келген халықтың дүние танымын, ойлау қасиетін қамтиды деп көрсетеді. Ол өзінің зерттеуінде былай деп ой қорытады: «В онимической лексике любого языка можно обнаружить ее древнейшую часть. Онимическая лексика относится к продуктам наиболее древнего периода. В нем отражена специфика миропонимания и образа мышления, многообразия образных представлений, чувственных впечатлений» [7; 8].

Халықтың рухани және идеологиялық өміріндегі өзгерістер жалқы есімдер семантикасы мен типтерінде өзіндік бейнеге ие болады. Сондықтан жоғарыда аталған құбылыстардың орын алуының заңды себептері бар деп айтуға толық негіз бар. Алайда бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы — тәуелсіз мемлекет. Сол себепті халқымыздың ономастикалық кеңістігі де сол статусқа лайық сипатқа ие болуы тиіс. Ұлттық болмыстың тілдегі көріністері болып табылатын онимдер этникалық нақтылау функциясын атқарып, ұлттық сипатқа ие таңбалық кодтар болуы керек, демек, Қарағанды годонимдері де реконструкциялауды қажет ететіні даусыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Горнунг Б.В. Из предистории образования общеславянского языкового единства // Принципы топонимики. — М.: Наука, 1964. — С. 16.
- 2 Никонов В.А. Имя и общество. — М.: Наука, 1965. — 179 с.

- 3 *Суперанская А.В.* Общая теория имени собственного. — М.: Наука, 1973. — С. 7.
- 4 *Тлеубердиев Б.М.* Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері: филол. ғыл. д-ры ... автореф. — Алматы, 2006. — 46 б.
- 5 *Керимбаев Е.А.* Казахская ономастика в этнокультурном номинативном и функциональном аспектах. — Алматы, 1995. — С. 122.
- 6 *Мурзаев Э.М.* География в названиях. — М.: Наука, 1979. — С. 102.
- 7 *Мурзаев Э.М.* Очерки топонимики. — М.: Наука, 1974.

А.С.Адилова, Ф.Бейсен

Годонимы — исторический, культурный и информационный код жизни народа

В статье рассмотрены естественно и искусственно созданные типы топонимов — значительной и значимой части казахского ономастикона. Искусственно созданные топонимы служат идеологическим целям. Годонимы, являющиеся видовым понятием городского ономастического пространства, характеризуются как исторический, культурный и информационный код жизни народа. Годонимы меняются по велению времени, в соответствии с требованиями общества, поэтому, по мнению авторов, нуждаются в реконструкции и годонимы города Караганды.

A.S.Adilova, F.Beysen

Godonima — a historical, cultural and information code of life of the people

In article are considered naturally and artificially created types of toponyms — considerable and significant part of the Kazakh onimiya. Artificially created toponyms serve the ideological purposes. Godonima, being specific concept of a city onomasticheskogoprostranstvo, are characterized as a historical, cultural and information code of life of the people. Godonima change on time command, according to society requirements therefore according to authors, need reconstruction and Godonim the cities of Karaganda.

References

- 1 Gornung B.V. *From prehistory of formation of All-Slavic language unity* // Principles of toponymy, Moscow: Nauka, 1964.
- 2 Nikonov V.A. *The Name and society*, Moscow: Nauka, 1965, 179 p.
- 3 Superanskaia A.V. *The General theory of the proper name*, Moscow: Nauka, 1973, p. 7.
- 4 Tleuberdiev B.M. *Lingvokonceptik bases of Kazakh onomastics*, Almaty, 2006, 46 p.
- 5 Kerimbaev E.A. *Kazakh onomastics in ethnoculture nomination and functional aspects*, Almaty, 1995, p. 122.
- 6 Murzaev E.M. *Geography in the names*, Moscow: Nauka, 1979, p. 102.
- 7 Murzaev E.M. *Essays of toponymy*, Moscow: Nauka, 1974.